

«БЕКІТЕМІН»  
ҚазСТА ректоры,  
PhD докторы  
Б.К.Закирьянов



**ЖОБАҒА ҚАТЫСУДЫҢ ЕРЕЖЕЛЕРІ**  
**«ГҮЛДЕНЕ БЕР ҚАЗАҚСТАН!» АТТЫ**  
**IV РЕСПУБЛИКАЛЫҚ**  
**ТУРИСТІК-ӨЛКЕТАНУ-ЭКОЛОГИЯЛЫҚ**  
**ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ КОНКУРСЫ**

Қазақтың спорт және туризм академиясы мен Ш.Уалиханов атындағы Туризм Академиясы, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен бірлесіп «Гүлдене бер Қазақстан!» атты IV Республикалық туристік-өлкетану-экологиялық зерттеу жұмыстарының конкурсын өткізеді.

Конкурсқа қатысуға Қазақстанның барлық аймақтарынан өлкетану, туризм және экология бағыттарын зерттеуші (бір мекемеден бірнеше қатысушылар өтініш беруге болады) жалпы орта білім беру мектептері, гимназиялар, лицейлер және колледждер шақырылады.

Конкурсқа мемлекеттік және орыс, ағылшын тілдерінде жазбаша жобалар қабылданады. Реферат және баяндамалар қабылданбайды.

Зерттеу бойынша қорғау жұмыстарының бағыттары:

1. «Тарихи өлкетану. Туған өлкенің жылнамасы. Әдеби өлкетану. Топонимика»
2. «Туризм – бұл біз. Экологиялық өлкетану»
3. «Жас экскурсовод»

2018 жылдың сәуір айының 17 дейін жобаны мына мекен-жай бойынша: 050022, Алматы қаласы, Абай даңғылы 83/85 (Байтұрсынов көшесінің қиылысы), Тел.: +7(727) 292-14-81 немесе «Гүлдене бер Қазақстан!» тақырыбын көрсету арқылы [dekanat\\_ft@mail.ru](mailto:dekanat_ft@mail.ru) электронды поштасына жіберу керек.

Жобаның презентациясы 2018 жылдың 20 сәуір айында Алматы қаласында өтеді.

Конкурсстағы жеңімпаздарды анықтау келесі құжаттардың негізінде анықталады:

- конкурс формасы бойынша өтініш;
- жобаның сипаты;
- жобаның зерттеу орнынан видеоролик немесе суреттер;
- жобаны қорғау.

*Конкурсқа қатысудың өтініш үлгісі*

Жобаның атауы	Бағыты	Қатысушының аты-жөні	Жетекшісінің аты-жөні	Білім беру мекемесінің атауы	Мекен-жайы, байланыс телефондары, электронды поштасы

Барлық құжаттарды жарысқа толық өткізбеген қатысушылар, **конкурсқа жіберілмейді.**

## **Қаржыландыру**

1. Республикалық конкурса қатысушылардың тұрғылықты жерінен жарыс өтетін аралықтағы жол ақысын және тәуліктік шығынын жіберген мекеме қаржыландырады.

2. IV Республикалық зерттеу жұмыстары конкурсының жүлдегерлерінің жетекшілері мақтау қағазымен марапатталады.

3. Жұлделі орын алмаған барлық қатысушылар сертификаттармен марапатталады.

4. Конкурса қатысушылардың өмірі мен денсаулығына толық қанды жауапкершілікті делегация жетекшілері өзіне алады.

### **Жұмыстың мазмұнына және рәсімделуіне қойылатын талаптар**

*Зерттеу жұмысының мазмұнына кіретіндер:*

басты беттің мазмұны (жоғарыдан төмен):

- мекеменің атауы;
- жұмыстың тақырыбы; автордың аты-жөні, сыныбы;
- жетекшінің немесе кеңесшінің толық аты-жөні;
- жұмысты орындаған жыл;
- мазмұны, бөлімдерді атап жазу;
- кіріспе, жұмыстың мақсаты мен міндетінің мәселесін анықтау; өзектілігін ашу, зерттеу мәселесі бойынша әдебиеттер көзінің қысқаша көрінісін көрсету, зерттеудің орны мен мерзімін көрсету, зерттеу ауданына мінездеме беру;

• зерттеу әдістері (ақпарат жинау әдістері, бастапқы және статистикалық мәліметтерді жинақтау);

• зерттеу нәтижесі және оны талқылау, керек жағдайда кестелерді, сызбаларды т.б. пайдалану;

• нәтижесі (қойылған тапсырмаларға қысқаша жауаптар);

• қорытындыда, осы жұмысты орындауға көмектескен тұлғаларды қосуларыңызға болады, бұл зерттеу жұмысын алдағы уақытта тәжірбиеде қолдану мүмкіншілігін көрсету;

• библиографиялық тізімді құрастыру ережесіне сәйкес рәсімделген пайдаланылған әдебиеттер мен ақпарат көздерінің тізімі болу керек. Мәтінде қолданылған ақпарат көздері мен әдебиеттердің сілтемелері болуы тиіс.

Жұмыс соңында қосымшаға үлкен көлемдегі нақты сандық көрсеткіштер, суреттер, диаграммалар, сызбалар, карталар, фотосуреттер т.б. ақпараттар қосылады. Барлық қосымшалар нөмірленген және тақырыптары болуы шарт, жұмыс мәтінінде оларға сілтемелер болуы міндетті.

Картографиялық мәліметтер масштабпен және шартты белгілермен белгіленуі керек.

Конкурса қатысушылардың өздерімен бірге электронды (DVD+R) және қағазда басылған жұмысы болуы керек.

### **Ұйымдастыру комитетінің байланыс көздері**

Алматы қаласы, Абай даңғылы 83/85 (Байтурсынов көшесінің қиылысы), тел.: +7(727) 292-14-81 немесе «Гүлдене бер Қазақстан!» тақырыбын көрсету арқылы [dekanat\\_ft@mail.ru](mailto:dekanat_ft@mail.ru) электронды поштасына жіберу.